

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Әдепті бала-арлы бала

ЖАРИЯЛАНДЫ
26.01.2018СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/32259/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Кадирова Жаңагүл

Баланың бас ұстазы – ата-ана. Ұлтымызда «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген дана сөз бар. Әр отбасында ата-ананың орны бөлек. Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Әке-отбасының асыраушысы, қамқоршысы, тірегі деп білсек, ана-отбасының ұйтқысы, жылуы, шағуы, жақсы ана отбасына береке әкеліп жанұясын бақытқа бөлейді. Ата-анаға баладан артық ешкім жоқ. «Бала-адамның бауыр еті» деген сөз бар. Сондықтан қай ата-ана болмасын баласының білімді, парасатты, мәдениетті, тәртіпті, әдепті болуын қадағалайды. «Бала – өмірдің жалғасы, көз қуанышы, шаңырақ иесі» деп ұрпақ тәрбиесіне көп көңіл блген.

Баланы сәби шақтан адамгершілікке тәрбиелеу олардың қоршаған ортаны танып білуі алдымен толық отбасынан тәрбие алғандығынан басталады. баланың қоғамдық қарым-қатынастар жүйесіне енуге қажетті маңызды адамгершілік қасиеттерін дамытуға, еңбек дағдыларын, жалпы адамзаттық құндылықтардың нормаларын білу, салт-дәстүрлер мен ережелер негізінде әлеуметтік-мәдени тәжірибесін қалыптастырады.

Қоғамдық өмірде қоршаған ортамен және құбылыстармен таныстыру негізінде балалардың әлеуметтік дағдыларын дамытуда тәрбиешілердің еңбегі өте зор. Баланың ұжымда, қоғамда, балабақшада бейімделуі ойдағыдай әлеуметтенуі үшін қажетті тұлғаның қасиетін қалыптастыру өте маңызды

Балаларды түрлі әлеуметтік жағдайларда тиісті шешім қабылдауға, өзінің және жолдастарының қылығы бойынша пікір айтуға болатынын және қажеттілігін түсінуді үйрету.

Ересектерді құрметтеу халықтық дәстүріне негізделген өзін-өзі ұстау адамгершілік

қағидаларын сақтауға үйрету. Ересектермен немесе құрдастарымен келіспей қалған жағдайда балаларды «өзара келісуге» ниеттендіру, басқаларды тыңдай білу, олардың тілектерін, қажеттіліктерін, қиындықтарын түсіне білу, өз тілегі мен мәселесін айтуға мүмкіндік жасау, дау-жанжалдарды бірге шешуге, татуласуға үйрету.

Қоршаған ортамен таныстыру процесінде әдептіліктің қарапайым дағдыларын бекіту

(сәлемдесу, қоштаса білу, кешірім сұрау, өз көмегін ұсыну).

Адамдардың мінез-құлықтары мен кәсіби әрекеттерін, этникалық мәдениетке ұқыптылықпен қарау, құқықтық білімдерін құрметтеу әрекеттерін балаға түсінікті болатындай

гендерлік тәсілмен жеткізе отырып, әлеуметтік-мәдениет негіздерін қалыптастыру.

Балалардың мінез-құлқында қарапайым этикет ережелерін бекіту, ересектердің сөзін бөлмеу, ойыншықтармен бөлісу, қоғамдық орындарда өзін ұстай білу сияқты этикалық құнды өзара әрекет үлгілерін қолдануды ұғындырып еске салып отыру маңызды. Балаларда өз ата-тегін (жеті атасын) білуге деген қызығушылықты дамыту. Баланың өзінің әке-шешесіне, туысқандарына сыртқы ұқсастықтары (көзі, мұрны, шашының түсі т.б.) бар екенін көре білуге үйрету.

Өзара сыйластық негізінде отбасы мүшелерімен қарым-қатынас жасай білуді бекіту. Туыстарын сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу.

Отбасы мүшелеріндегі ересектер (ата мен әже) мен кішілерге қамқорлық көрсету. Өзін-өзі дұрыс бағалап өзіне сенімінің бекуіне мүмкіндік туғызу, өзін қадірлеп дербестігін дамытуға, түрлі әрекеттерде (ойын, бейнелеу, музыкалық және т.б.) өзінің жетістіктерін нақты бағалауын дамытудағы қажеттіліктерін қолдау. Балалардың жетістіктерін қолпаштап құрметтеп отырған маңызды.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.